

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). - 2022. - №3 (114). –Ч.2. - Б.70-77

МЫСЫҚТАРДАҒЫ КОНТРАЦЕПЦИЯ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ

Рахимжанова Дәмегұл Төлеуғазықызы

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: rahimzhanova2011@mail.ru

Есжанова Гүлжан Тұрсынқызы

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: yeszhanova_astana@mail.ru

Байқадамова Гульнара Аханқызы

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: guldoctor2@mail.ru

Тұрсынқұлов Спандияр Ахайдарұлы

Ветеринария ғылымдарының кандидаты

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: 8104@bk.ru

Билялов Ермекқазы Ережесұлы

Ветеринария ғылымдарының кандидаты

Шәкәрім атындағы университеті

Семей қ., Қазақстан

E-mail: er_men67@mail.ru

Түйін

Мақалада қаланың ветеринарлық клиника жағдайында мысықтарға (n=20) қолданылған контрацепцияның екі әдісі - ұрықтану қызметін толық тоқтататын хирургиялық стерилизация және уақытша тоқтататын дәрілік заттарды қолдану немесе емдік әдіс салыстырмалы түрде зерттелінді. Мысықтарға жоспарлы овариогистерэктомия операциясы ингаляциялық анестезияны қолдану арқылы дәстүрлі әдіспен ал, хирургиялық кесу іш

қуысының ақ сызығы бойынша жасалды. Мысықтарда контрацепцияның хирургиялық және емдік әдістерінің тиімділігі 100% болып анықталды. Алайда, клиникалық және арнайы диагностикалық әдістер мен ұзақ мерзімді скрининг жүргізу барысында, контрацепция үшін гормондық препараттар қолданылған мысықтардың 50%-ында 6-7 ай ішінде жыныс мүшелерінің және сүт бездерінің әртүрлі патологиялары анықталды: сүт бездерінің фиброаденоматозы 20%, аналық бездердің поликистозы 10%, пиометра 10% және эндометриялық аденокарцинома 10% жағдайларда кездесті.

Кілт сөздер: мысықтар; контрацепция; овариогистерэктомия; фиброаденоматоз; поликистоз; пиометра; аденокарцинома.

Кіріспе

Соңғы жылдары үй жануарларын стерилизациялау және контрацепция мәселелердің сұранысына байланысты, әдістердің сапасы мен тәжірибеде қолданылатын контрацепциялық препараттардың тиімділігін бағалау бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен, ғылыми қоғамдастықта және тәжірибелі ветеринарлар арасында емдік контрацепцияның тиімділігіне және оның хирургиялық контрацепцияға қарағанда айқын артықшылықтарына қатысты келісім әлі де жоқ.

Айта кету керек, көбінесе контрацепция кең таралған қаңғыбас жануарлардың популяциясын бақылау үшін жаппай қолданылуда, себебі бұл жағдай қоғамдық процестерге,

қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер етеді. Қаңғыбас жануарлардың санын бақылаудың барлық әдістерінің ішінде хирургиялық және емдік контрацепция ең адамгершілік іс болып саналады (Abdulkarim, A., Khan, M., Aklilu E., 2021;) [1, 2]. Әдетте, препараттар арқылы контрацепцияны үй жануарларының иелері болашақта өз жануарларынан әлі де ұрпақ алғысы келетін немесе хирургиялық ота жасау адамгершілікке жатпайтын процедура деп санайтын жағдайларда қолданылады. Дегенмен, малдәрігерлік хирургтар стерилизация немесе овариогистерэктомияны ең тиімді әдіс деп санайды [3].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде 1 жастан 5 жасқа дейінгі, тірі салмағы 3,5-тен 4,2 кг-ға дейінгі, клиникалық сау, үйде ұсталатын әртүрлі тұқымды *Felis catus* тұқымдас үй мысықтары болды. Әрбір жануардың диетасы жеке және Kitekat, Whiskas, Sheba, Pro Plan және Gourmet брендтерінің

дайын жемдерімен азықтандырылды.

Жануарлар иелерінің тілектеріне байланысты контрацепцияның хирургиялық (1-ші тәжірибелік топ) және емдік әдісі (2-тәжірибелік топ) қолданылды. Контрацепцияның хирургиялық әдісі жалпы

ингаляциялық анестезиямен жалпы қабылданған әдіс бойынша овариогистерэктомия жасаудан тұрды, анестетик ретінде оттегімен араласқан изофлуран газы қолданылды. (Соболев, В.А., 2009) [3].

Контрацепцияның терапевтік әдісі (2-ші тәжірибелік топ) өндіруші ұсынған дозада СексБарьер атты гормоналды препаратынан тұрды. Бұл препарат ауызша қолдануға арналған тамшылар, 1 мл препараттың құрамында: суда еритін мепрегенол ацетаты - 1 мг, этинил эстрадиол - 0,01 мг. О.Зейналовтың және басқалардың айтуынша, олар иттер мен мысықтарды контрацепцияда 100% тиімді болып қана қоймайды, сонымен қатар моногормонды препараттарға қарағанда әлдеқайда қауіпсіз деп саналады және микродозада қолданғанда ешқандай жанама әсерлері жоқ (Зейналов, О.А. и др., 2014) [4].

Овариогистерэктомияны жасау үшін аналық бездердің дисфункциясы (поликистоз) және эндометрий гиперплазиясының клиникалық көрсеткіштеріне сүйендік. Диагностар ультрадыбыстық зерттеулер арқылы қойылды: поликистоз кезінде жұмыртқалықтардың

Нәтижелер

Овариогистерэктомиядан кейін алғашқы үш күнде №1 тәжірибелік топтың барлық мысықтарында дене температурасы норманың жоғарғы шегінде – 39,1-39,5°C, тыныс (28-30 қозғалыс/мин) және пульс жиілігі жоғары (135-140

ұлғаюы, олардың гетерогенді құрылымы, 4-5 мм-ге дейін көптеген анэхогендік қуыстар, ал эндометрийдің гиперплазиясында жатырдың мүйіздерінің диаметрі 8-9 мм-ге дейін ұлғаюы, жатыр қабырғасының біртекті емес қалыңдауы және біртекті емес анэхогендік қуыстар анықталды.

Гистологиялық зерттеулерге мысықтардың овариогистерэктомиядан кейінгі операциялық материалдар (жатырлар мен аналық бездер) Нұр-Сұлтан қаласындағы республикалық диагностикалық орталыққа, патологиялық анатомия бөліміне жіберілді.

Ота жасау мен гормондық препараттарды тағайындау алдында мысықтардың негізгі жұқпалы ауруларға қарсы вакцинацияланғаны және 1 айдан кешіктірмей антипаразиттік емдеуден өткені анықталды. Мысықтар 2021 жылдың мамырынан 2022 жылдың мамырына дейін қалалық ветеринариялық емханада жыл бойы бақылауда ұсталды. Контрацепцияның тиімділігі клиникалық белгілері мен мысықтардың қан сарысуындағы эстрадиол мен прогестерон гормондарының деңгейімен бақыланды.

соққы/мин) диапазонда болды. Бұл жануарлардың операциядан кейінгі жағдайына сәйкес келеді және жабығу күйде, шөлдеудің жоғарылауымен және тәбетінің төмендеуімен көрініс тапты. Операция аяқталғаннан кейін үш

күннің ішінде науқас мысықтар үйлеріне жіберілді, иелеріне стерилизациядан өткен мысықтарды күтіп-бағу және азықтандыру бойынша ұсыныстар беріліп, үй жануарларының жағдайын бақылау үшін 6-8 айға қабылдаулар тағайындалды.

Гормондық препараттар алты ай бойы контрацепция ретінде қолданылған мысықтарда айына бір рет клиникалық тексеру

жүргізілді; егер патологиялық процестердің дамуына қандай да бір күдіктер анықталса, иелеріне препаратты одан әрі қолданудан бас тартуды сұрадық. Өкінішке орай, кейбір мысықтар иелері дәрігерлердің кеңестері мен ұсыныстарына құлақ аспады. Бұдан әрі бақылаулар мен зерттеулердің нәтижелері 1-кестедегі деректердің негізін құрады.

Кесте 1 - 2-ші тәжірибелік топ мысықтарының клиникалық зерттеулерінің нәтижелері

| Айлар | | I | II | III | IV | V | VI |
|----------------------|---|------------------|----|-----|----|---|----|
| Зерттелінген симптом | | Мысықтардың саны | | | | | |
| Анамнез | Жабығу | - | - | - | - | 1 | 2 |
| | Мазасыздану | 1 | - | 1 | 2 | 4 | 4 |
| | Агрессия | 1 | - | - | - | - | - |
| | Аумақты несеппен белгілеу | 1 | - | - | - | - | - |
| | Еріксіз зәр шығару | - | - | - | - | - | - |
| Клиникалық | Жүннің нашар жағдайда болу | - | - | - | 2 | 2 | 4 |
| | Іштің ауырсынуы | - | - | 1 | 1 | 2 | 3 |
| | Негізгі физиологиялық көрсеткіштердің төмендеуі | - | - | 1 | 2 | 4 | 7 |
| УДЗ | Жыныс мүшелердің патологиялық өзгерістері | - | - | 1 | 1 | 3 | 3 |
| | Сүт безінің патологиясы | - | - | - | 1 | 1 | 2 |

Гормондық препараттарды қолданғаннан кейінгі алғашқы айларда топтағы жануарлардың 92,5% агрессияны көрсетпей аумақты несеппен белгілемеді, мысықтардағы негізгі физиологиялық көрсеткіштер қалыпты диапазонында болды. Бұл кезде ультрадыбыстық диагностика


зерттеулері көбею мүшелерінің немесе сүт безінде ешқандай патологиялық өзгерістерді анықтаған жоқ (1-кесте).

Зерттеудің 3-ші айында мысық иелерінің 10% мысықтың депрессиялық күйіне шағымданып клиникаға жүгінді. Клиникалық зерттеу барысында

температураның 39,6 °C дейін шамалы көтерілуі және тыныс алу мен пульстің жоғарылауы анықталды (32 тыныс қозғ/мин, 145 жүрек соққы/мин). Құрсақ қуысын ультрадыбыстық балау кезінде жануардың аналық бездерінің шамалы үлкейгені анықталды.

Зерттеудің 4-6 айларында осы топ мысықтарының емханаға келушілер саны артып, 67,5%

кұрады. Мысықтардың ультрадыбыстық балау кезіндегі нәтижелерінде - мысықтардың 10% -ында сүт бездері мен жыныс мүшелерінде қабыну процестері байқалды. Кейіннен мәжбүрлеп жасалған операцияларда келесі патологиялар анықталды: пиометрия, аналық бездер поликистозды, эндометрийдің аденокарциномасы (1-сурет).



Сурет 1 - Жұмыртқалықтардың поликистозы (1), жатырдың ірінді қабынуы (2), жатырдың аденокарциномасы (3)

Жыныс мүшелерінің патологиялары арасында сүт безінің фиброаденоматозы, пиометрия және жатырдың басқа қабыну процестерге де диагноз қойылды (2-сурет).



1 2 3
 Сурет 2 - Сүт безінің фиброаденоматозы бар мысық (1, 2), пиометрия кезіндегі қынаптан ағып тұрған ірін (3)

Гистологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 10 мысықтың 5-інде гормоналды препараттарды қолданумен байланысты аурулар байқалды (50 %). Осы топтағы мысықтардың ішінде

фиброаденоматоз 2 мысықта (20 %), поликистоз 1 мысықта, пиометрия 1 мысықта, аденокарцинома 1 мысықта анықталды.

Талқылау

Жануарлардың хирургиялық контрацепциясы немесе овариогистерэктомия, операцияны орындаудың жақсы бекітілген әдістеріне қарамастан, құралдар мен тәсілдердің дамуына байланысты жетілдіріліп келеді.

Біздің зерттеулерімізде ингаляциялық анестезиядан, фиксация және хирургиялық өрісті дайындағаннан кейін терінің, бұлшықеттердің және шырышты қабықтың дәйекті кесуімен іштің ақ сызығы бойымен хирургиялық кіріс жасалды. Бұл әдіс кең таралған болып саналады және түрік зерттеушілерінің (Sontas, B.H. et al., 2012) айтуынша, контрацепцияға жүгінген мысық иелерінің 10 жағдайының 9-ында хирургиялық әдіс таңдалды, ал ең көп таралған

хирургиялық кіріс - іштің ақ сызығы [5]. Операцияның одан әрі барысы - жатыр мен аналық бездерді кесіп алып тастау. Ол үшін, аналық без артерияларына хирургиялық қысқыштарды салып, тамырларды лигатурамен байлайды да аналық бездерді кесіп алып тастайды; содан кейін бифуркация аймағында жатырдың мүйіздеріне қысқыш пен лигатураны салып дәл солай оларды да кесіп тастайды.

Біздің зерттеулерімізде операциядан кейін бірінші айда барлық мысықтар, операциямен табиғи түрде байланысты, тәбетінің төмендеуін және жалпы ауырсынуын көрсетті. Терінің қанағаттанарлықсыз жағдайы, атап айтқанда, түтіккен немесе ұйпаланған және жылтыр болмауы,

ең алдымен, диетаның өзгеруіне байланысты болды. Келесі айларда жануарлардың жалпы жағдайында және көбею жүйесінің күйінде ешқандай ауытқулар болмады, эструс белгілері байқалмады; зерттеудің 6-шы айында мысықтар орташа есеппен 350-500-ге жуық салмағын жоғарлатты.

Murray J.K. және басқалар (2015) айтуынша, АҚШ пен Еуропа елдеріндегі стерилизацияға ұшыраған мысықтардың үлесі барлық жануарлардың 1/3-ден 9/10-ға дейін болатынын ескере отырып, ветеринария мамандары көп жағдайда контрацепцияның хирургиялық әдістерін таңдады [6]. Басқа авторлар хирургиялық кастрация қаңғыбас мысықтардың жағдайына жақсы әсер етеді деп санайды, өйткені мысықтар арасында бәсекелестіктің болмауына байланысты жарақаттар жағдайлары азаяды (Gunther, I., Raz, T. and Klement E., 2018, 2020) [7, 8].

Мысықтардағы терапевтік контрацептивтерге жататындар: көбінесе еркек мысықтарға

Қорытынды

Осы зерттеуде мысықтар контрацепциясының хирургиялық және емдік әдістерінің тиімділігі 100% болып табылды. Мысықтардың скринингі бойынша хирургиялық стерилизациядан кейін асқынулар анықталмады, ал емдік немесе гормондық контрацепциядан кейін 50% жағдайларда мысықтардың жыныс

Алғыс білдіру

Авторлар Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ақтабан» емханасының мал дәрігері Шахупов Құдайбергенге осы зерттеулерді жүргізуге көмектескені үшін алғыстарын білдіреді.

қолданылмайтын прогестиндер, жыныс циклі 2 айдан аз уақытқа басатын мелатонин және ұзақ мерзімді қайтымды контрацепция тудыратын гонадотропин агонисті имплантаттар. Дегенмен, бұл препараттардың жанама зиянды әсерлері туралы зерттеулер әлі де жалғасуда (Goericke-Pesch, S., 2016) [9].

Біздің зерттеулеріміз тәуелсіз зерттеулермен - Н.Э. Бауман атындағы ҚМБМА ғалымдары (Агеева, А.В. и Багманов, М.А., 2014) анықтаған мәліметтермен сәйкес келеді, яғни, мегестрол ацетат немесе прогестерон негізіндегі контрацептивті препараттарды мысықтарға қолданғаннан кейін эндометрийдің кистозды гиперплазия, аналық бездің поликистозы және эндометрийдің аденокарцинома сияқты патологияларды тудырады және олар зақымдалған мүше ұлпаларының гистологиялық зерттеулерімен расталған болатын [10].

мүшелері мен сүт бездерінде патологиялар табылды. Аталмыш жағдай гормондық контрацептивтердің қауіпсіздігіне күмән тудырады және мысықтардың жыныстық мінез-құлқын реттеу үшін дәрі-дәрмектерді қолдану ережелерін қатаң сақтауды талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Abdulkarim, A. Stray animal population control: methods, public health concern, ethics, and animal welfare issues [Text]/ A. Abdulkarim, M. Khan, E. Aklilu // World's Veterinary Journal, - 2021. - Vol.11. – Vol.3. - P.319-326.

2 Байтанатов М.Ж., Рахимжанова Д.Т. Иттер мен мысықтарды кастрациялаудың замануи әдістеріне шолу [Текст] / Е.О.Омарбековтың 75 ж. арналған «XXI ғасырдағы заманауи ветеринария ғылымының жетістіктері: жаңалықтар, тәжірибе, проблемалар және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылым-тәжірибе конференциясының материалдары // Семей, -2021. – С. 15-17.

3 Соболев, В.А., Созинов В.А. Хирургические операции у собак и кошек [Текст] / М.: «Аквариум-Принт», -2009. - С.177-180.

4 Зейналов, О.А. СексБарьер: современный безопасный биогормональный препарат для регуляции половой охоты у кошек и собак [Текст] / О.А.Зейналов, С.В. Мукасеев, С.А. Пархоменко // VetPharma, - 2014. - №1. - С. 26-29.

5 Sontas, B.H. Methods of oestrus prevention in dogs and cats: a survey of Turkish veterinarians' practices and beliefs [Text]/ B.H.Sontas, F. Kaysigiz, H. // Ekici Archivos de Medicina Veterinaria, – 2012. - Vol.44. – Vol.2.- P. 155-166.

6 Murray JK, Mosteller JR, Loberg JM, Andersson M, Benka VA. Methods of fertility control in cats: Owner, breeder and veterinarian behavior and attitudes. J Feline Med Surg. - 2015 Sep;17(9):790-9. doi: 10.1177/1098612X15594994. PMID: 26323804.

7 Gunther I, Raz T, Klement E. Association of neutering with health and welfare of urban free-roaming cat population in Israel, during 2012-2014. Prev Vet Med. - 2018 Sep 1;157:26-33. doi: 10.1016/j.prevetmed.2018.05.018. Epub 2018 May 29. Erratum in: Prev Vet Med. 2020 Sep;182:104903. PMID: 30086846.

8 Gunther I, T Raz, E Klement Corrigendum to “Association of neutering with health and welfare of urban free-roaming cat population in Israel, during 2012-2014” [Text] / Preventive Veterinary Medicine,– 2020. - Vol.18. - No. 104903. - P. 1.

9 Goericke-Pesch, S. Alternatives to surgical neutering in dogs, cats and small mammals [Text]: Kleintierpraxis, - 2016. -Vol.61. Issue 12. - 657-665 p.

10 Агеева, А.В., Багманов, М.А. Патоморфологические изменения в матке и яичниках у кошек при применении контрацептивных препаратов на основе прогестерона [Текст] / Ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н. Э. Баумана, - 2014. - Т. 218. - № 2. - С. 12-16.

References

1 Abdulkarim, A. Stray animal population control: methods, public health concern, ethics, and animal welfare issues [Text] / A. Abdulkarim, M. Khan, E. Aklilu. World's Veterinary Journal, - 2021. - Vol.11. - Issue 3. - P. 319-326.

2 Bajtanatov M.ZH., Rahimzhanova D.T. Itter men mysyktardy kastratsiyalaudyn zamanui adisterine sholu [Tekst] / E.O.Omarbekov 75 zh.

арналган «XXI гасырдағы заманауи ветеринария ғылымның зhetистиктері: zhanalyktar, tazheribe, problemalar zhane olardy sheshu zholdary» atty respubl. gyl.-tazherib. konf materialdary // Semej, - 2021. – S. 15-17.

3 Sobolev, V.A., Sozinov V.A. Hirurgicheskie operacii u sobak i koshek [Tekst] / M.: «Akvarium-Print». -2009. - S. 177-180.

4 Zejnalov, O.A. SeksBar'ler: sovremennyj bezopasnyj bigormonal'nyj preparat dlya regulyacii polovoj ohoty u koshek i sobak [Tekst] / O.A.Zejnalov, S.V. Mukaseev, S.A. Parhomenko // VetPharma, - 2014. - № 1. - S. 26-29.

5 Sontas, B.H. Methods of oestrus prevention in dogs and cats: a survey of Turkish veterinarians' practices and beliefs [Tekst] / B.H.Sontas, F. Kaysigiz, H. // Ekici Archivos de Medicina Veterinaria, – 2012. - Vol.44. - Issue 2. -P. 155-166.

6 Murray JK, Mosteller JR, Loberg JM, Andersson M, Benka VA. Methods of fertility control in cats: Owner, breeder and veterinarian behavior and attitudes. J Feline Med Surg. -2015. Sep;17(9):790-9. doi: 10.1177/1098612X15594994. PMID: 26323804.

7 Gunther I, Raz T, Klement E. Association of neutering with health and welfare of urban free-roaming cat population in Israel, during 2012-2014. Prev Vet Med. 2018 Sep 1;157:26-33. doi: 10.1016/j.prevetmed.2018.05.018. Epub -2018. May 29. Erratum in: Prev Vet Med. 2020 Sep;182:104903. PMID: 30086846.

8 Gunther I, T Raz, E Klement. Corrigendum to “Association of neutering with health and welfare of urban free-roaming cat population in Israel, during 2012-2014” [Text] / Preventive Veterinary Medicine, – 2020. - Vol.18. -No. 104903, - P.1.

9 Goericke-Pesch, S. Alternatives to surgical neutering in dogs, cats and small mammals [Text]: Kleintierpraxis, - 2016. - Vol.61. Issue 12. - 657-665p.

10 Ageeva, A.V., Bagmanov, M.A. Patomorfologicheskie izmeneniya v matke i yaichnikah u koshek pri primenenii kontraktivnyh preparatov na osnove progesterona [Tekst] / Uchenye zapiski Kazanskoj gosudarstvennoj akademii veterinarnoj mediciny im. N. E. Baumana,- 2014. - T. 218. - № 2. - S. 12-16.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА МЕТОДОВ КОНТРАЦЕПЦИИ У КОШЕК

Рахимжанова Дамегуль Толеугазыевна

Кандидат ветеринарных наук, доцент

Казакский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

г. Нур-Султан, Казакстан

E-mail: rahimzhanova2011@mail.ru

Есжанова Гульжан Турсуновна

Кандидат ветеринарных наук, доцент

Казакский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

г. Нур-Султан, Казахстан
E-mail: yeszhanova_astana@mail.ru

Байкадамова Гульнара Ахановна
Кандидат ветеринарных наук, доцент
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина
г. Нур-Султан, Казахстан
E-mail: guldoctor2@mail.ru

Турсункулов Спандияр Ахайдарович
Кандидат ветеринарных наук
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина
г. Нур-Султан, Казахстан
E-mail: 8104@bk.ru

Билялов Ермекказы Ережепович
Кандидат ветеринарных наук
Университет им. Шакарима
г. Семей, Казахстан
E-mail: er_men67@mail.ru

Аннотация

В статье представлены сравнительные исследования двух методов контрацепции кошек (n=20) в условиях ветеринарной клиники города: хирургическая стерилизация с полным прекращением воспроизводительной функции и терапевтическая контрацепция с временным прекращением воспроизводительной функции посредством медикаментозных средств. Плановая овариогистерэктомия кошек проводилась общепринятым методом посредством ингаляционного наркоза, хирургический доступ был выполнен по белой линии живота. Эффективность хирургического и терапевтического методов контрацепции кошек составила 100%. Однако в ходе клинических и специальных методов диагностики и продолжительного скрининга у 50% кошек, для контрацепции которых применяли гормональные препараты, на 5-7 месяцы диагностированы различные патологии половых органов и молочной железы: фиброаденоматоз молочной железы в 20%, поликистоз яичников в 10%, пиометра в 10% и аденокарцинома эндометрия в 10% случаев.

Ключевые слова: кошки; контрацепция; овариогистерэктомия; фиброаденоматоз; поликистоз; пиометра; аденокарцинома.

COMPARATIVE EVALUATION OF METHODS CONTRACEPTION IN CATS

Rakhimzhanova Damegul Toleugazievna
Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: rahimzhanova2011@mail.ru

Yeszhanova Gulzhan
Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: yeszhanova_astana@mail.ru

Baikadamova Gulnara
Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: guldoctor2@mail.ru

Tursunkulov Spandiyar Akhaidarovich
Candidate of Veterinary Sciences
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: 8104@bk.ru

Bilyalov Yermekkazy
Candidate of Veterinary Sciences
Shakarim Universit
Semey, Kazakhstan
E-mail: er_men67@mail.ru

Abstract

The article presents comparative studies of two methods of contraception in cats (n=20) in a veterinary clinic of the city: surgical sterilization with a complete cessation of reproductive function and therapeutic contraception with a temporary cessation of reproductive function through medication. Elective ovariohysterectomy of cats was performed by the generally accepted method using inhalation anesthesia, surgical access was performed along the white line of the abdomen. The effectiveness of surgical and therapeutic methods of contraception in cats was 100%. However, in the course of clinical and special diagnostic methods and long-term screening, 50% of cats for which hormonal preparations were used for contraception were diagnosed with various pathologies of the genital organs and mammary gland for 5-7 months: mammary fibroadenomatosis in 20%, polycystic ovaries in 10%, pyometra in 10% and endometrial adenocarcinoma in 10% of cases.

Key words: cats; contraception; ovariectomy; fibroadenomatosis; polycystic; pyometra; adenocarcinoma.